

2016 жылғы желтоқсан айы үшін «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша ақпарат

2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруындағы (бұдан әрі - ҚРҰБ) БЖЗҚ зейнетақы активтері (бұдан әрі - ЗА) 6 680,14 млрд. теңгені құрады¹.

Зейнетақы активтерінің құрылымы

1-кесте. Зейнетақы активтері

Атауы	01.12.2016 жылғы млрд.теңгемен ағымдағы құны	01.12.2016 ж. үлесі	01.01.2017 жылғы млрд.теңгемен ағымдағы құны	01.01.2017 ж. үлесі	Айдағы өсімі/төмеңдеуі	Жыл басынан бер өсім/төмеңдеуі
ҚР МБҚ	2 882,24	43,40%	2 910,82	43,57%	0,99%	10,60%
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	361,23	5,44%	365,01	5,46%	1,05%	620,43%
ХҚҰ	86,24	1,30%	86,63	1,30%	0,46%	2,01%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	87,95	1,32%	84,03	1,26%	-4,45%	-32,55%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары	843,00	12,69%	900,17	13,48%	6,78%	74,77%
ҚР ЕДБ облигациялары	1 460,71	22,00%	1 450,20	21,71%	-0,72%	-7,80%
Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары	146,37	2,20%	137,92	2,07%	-5,77%	-16,79%
PPN (құрылымдық ноталар)	38,37	0,58%	31,64	0,47%	-17,55%	-40,82%
ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары	126,97	1,91%	127,46	1,91%	0,38%	12,71%
Шетелдік эмитенттердің акциялары және депозитарлық қолхаттары	18,05	0,27%	18,33	0,27%	1,50%	35,20%
Депозиттер	418,23	6,30%	399,91	5,99%	-4,38%	9,89%
РЕПО	51,43	0,77%	-	0,000%	-100,00%	-100,00%
Инвестициялық шоттағы ақшалай қаражаттар	110,73	1,67%	151,84	2,27%	37,13%	98,95%
Басқа активтер (дебиторлық берешек, мерзімі өткен берешек, провизиялар) ²	9,66	0,15%	16,18	0,24%	67,57%	15,37%
ҚРҰБ басқаруындағы ЗА жиынтығы	6 641,18	100,00%	6 680,14	100,00%	0,59%	14,55%
Зейнетақы жарналары және төлемдері шоттарындағы ақшалар, сонымен қатар шетелдік валюталарды сатып алу/сату мәмілелері бойынша есеп айырысу үшін қаражаттар	2,57		9,52			
Зейнетақы активтерінің жиыны	6 643,75		6 689,66		0,69%	14,65%

01.01.2016 жылдан 31.12.2016 жылғы кезең үшін салымшылардың шоттарына (шартты зейнетақы бірлігі - ШЗБ) бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің табыстылығы 7,95% құрады. 2016 жылдың желтоқсан айына БЖЗҚ шартты зейнетақы бірлігінің өсу қарқыны (-0,18%) құрады.

2-кесте. ҚРҰБ басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтерін үлестік бөлу

Қаржы құралының түрі	01.01.2017 жылға үлесі
Борыштық қаржы құралдары	95,31%
Үлестік қаржы құралдары	2,18%
Ақшалар	2,27%
Басқа активтер (дебиторлық берешек және мерзімі өткен берешек, провизиялар)	0,24%
ҚРҰБ басқаруындағы ЗА жиыны	100,00%

¹ Зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақшалар, сонымен қатар шетелдік валюталарды сатып алу/сату мәмілелері бойынша есеп айырысуға қаражаттар есебінсіз.

² Дебиторлық берешекке шығарылым перспективіне сәйкес өтеу кезеңі аяқталмаған, купондық күні келіп жеткен сыйақы және/немесе негізгі борыш бойынша алынатын сома енеді.

БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі борыштық қаржы құралдарын өтеуге орташа алынған табыстылық (УТМ) 01.01.2017 жылғы жағдай бойынша жылына 8,76% құрады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары

БЖЗҚ ЗА портфелінде негізгі үлесті ҚР МБҚ құрайды, олардың көлемі есепті айда 28,58 млрд. теңгеге артты және 2 910,82 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 43,57% құрады.

Есепті кезеңде орташа алынған кірістілігі жылына 11,9% құрайтын 936,76 млрд.теңге көлемінде ҚРҰБ қысқамерзімді дисконтты ноттары сатып алынған болатын.

Есепті күнге 883,42 млрд.теңге сомасына ҚРҰБ дисконтты ноттары өтелді.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 8,1% құрады.

Шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары

Есепті айда шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздар көлемі 3,78 млрд. теңгеге ұлғайды және 365,01 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 5,46% құрады.

Есепті кезеңде орташа алынған кірістілігі жылына 0,41% құрайтын 217,87 млрд.теңге көлемінде АҚШ Қазынашылығының қысқамерзімді облигациялары сатып алынды.

Есепті күнде 206,34 млрд.теңге көлемінде АҚШ Қазынашылығының қысқамерзімді облигациялары өтелді. Есепте кезеңде сатулар болған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 2,2% құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары

Есепті айда Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының көлемі 0,39 млрд. теңгеге артты және 86,63 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 1,30% құрады.

Есепті кезеңде Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарын сатып алулар, сатулар және өтеулер болған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 7,3% құрады.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттер

Есепті айда ЕДБ салымдарының көлемі 18,32 млрд. теңгеге азайды және 399,91 млрд. теңгені құрады. Портфелдегі олардың үлесі 5,99% құрады.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА 15,74 млрд.теңге сомасына ЕДБ салымдарының негізгі борышы өтелді.

Есепті кезеңде ЕДБ-ға салымдар салынған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ЕДБ салымдарын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 10,8% құрады.

ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары

Есепті айда ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының көлемі 3,92 млрд. теңгеге азайды және 84,03 млрд. теңгені құрады. Олардың портфелдегі үлесі 1,26% құрады.

Есепті кезеңде 908,50 млн.теңге сомасына ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары сатылды, сондай-ақ 2,99 млрд.теңге сомасына ҚР эмитенттерінің облигациялары өтелді.

Қаралып отырған кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларын сатып алулар болған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 12,0 % құрады.

ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары

Есепті айда ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларының көлемі 57,17 млрд.теңгеге артты және 900,17 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 13,48% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде орташа алынған кірістілік жылына 14,5% құрайтын 68,40 млрд.теңге сомасына ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары сатып алынды, сондай-ақ 6,71 млрд.теңге сомасына АҚШ долларына номиналданған ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары өтелді.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларын сатулар болған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 10,3% құрады.

ҚР екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары

Есепті айда ҚР ЕДБ облигацияларының көлемі 10,51млрд.теңгеге азайды және 1 450,20 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 21,71% құрады.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде 2,60 млрд. теңге сомасына ұлттық валютаға номиналданған ҚР ЕДБ облигацияларының негізгі борышы өтелді.

ҚР ЕДБ облигацияларын сатып алу және сату болған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР ЕДБ облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 9,8% құрады.

Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары

Есепті айда шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларының көлемі 8,45 млрд. теңгеге азайды және 137,92 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,07% құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде 3,41 млрд.теңге көлемінде АҚШ долларына номиналданған шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары сатылды.

Шетелдік эмитенттердің облигацияларын сатып алу және өтеу болған жоқ.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылына 8,4% құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар)

Есепті айда шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) көлемі 31,64 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,47% құрады.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде 6,95 млрд.теңге сомасына Ресей рубліне номиналданған шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) өтелді.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) сатып алулар мен сатулар болған жоқ.

ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары

Есепті айда ҚР эмитенттері акцияларының және депозитарлық қолхаттарының көлемі 0,49 млрд. теңгеге артты және 127,46 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,91 % құрады.

Есепті кезеңде ҚР эмитенттерінің акцияларын сату және сатып алу болған жоқ.

Шетелдік эмитенттердің акциялары және депозитарлық қолхаттары

Есепті айда шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының көлемі 18,33 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,27% құрады.

Есепті кезеңде шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарын сатып алу және сату болған жоқ.

3-кесте. Валюталар бөлігінде ҚРҰБ басқаруындағы БЖЗҚ ЗА құрылымы

Валюта	01.12.16 жылға ағымдағы құн, млрд. теңге	01.12.16 ж. үлесі	01.01.17 жылға ағымдағы құн, млрд. теңге	01.01.17ж. үлесі	Соңғы айда өсуі/төмендеуі %	Жыл басынан өсуі/төмендеуі %
Ұлттық валюта	5 109,09	76,93%	5 142,38	76,98%	0,65%	6,23%
АҚШ доллары	1 487,01	22,39%	1 492,44	22,34%	0,37%	56,95%
Ресей рублі	33,82	0,51%	35,12	0,53%	3,84%	19,84%
Малайзия ринггиттері	4,61	0,07%	4,50	0,07%	-2,44%	-6,66%
Бразилия реалдары	2,90	0,05%	3,02	0,04%	4,12%	7,51%
Ағылшын фунт стерлингі	2,83	0,04%	2,68	0,04%	-5,13%	75,16%
Еуро	0,92	0,01%	0,0002	0,00%	-99,82%	-99,88%
Жиыны	6 641,18	100,00%	6 680,14	100,00%	0,59%	14,55%

Инвестициялық қызметтің нәтижелері

4-кесте. Инвестициялық табыс/шығынның құрылымы:

Атауы	2016 жылғы желтоқсан айы үшін, млрд. теңге	2016 жылдың басынан млрд. теңге	Жыл басынан құрылымы
бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша есептелген сыйақыдан	26,16	554,57	104,44%
бағалы қағаздарды қайта бағалаудан	-2,04	-3,08	-0,58%
валюта бағамдарының өзгерісінен	-33,11	-20,49	-3,86%
Жиыны	-8,99	531,00	100,00%

Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат

Сенімгерлік басқарудағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық үйлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарына сәйкес келеді. Валюталық позициялар үлесі ұйғарынды деңгей шегінде қалады және БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын бұзбайды.

5-кесте. 01.01.2017 жылғы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау лимиттері

№ р/р	Қаржы құралдарының түрі	Нақты мәні (зейнетақы активтерінен пайызда)	Талаптардың орындалуы (иә/жоқ)
1	Шетелдік эмитенттер:	9,57%	иә
1.1	мемлекеттік, агенттік және халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары:	6,76%	иә
1)	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтинг бағасы бар;	4,55%	иә
2)	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-дан «BB-» дейін рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтинг бағасы бар;	2,21%	иә
1.2	Корпоративтік борыштық бағалы қағаздар	2,06%	иә
1)	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар	0,12%	иә

2)	Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-дан «BB-» дейін бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар;	1,94%	иә
1.3	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) пен активтерге (ABS) салынған бағалы қағаздар	0,00%	иә
1.4	Акциялар, акцияларға депозитарлық қолхаттар	0,27%	иә
1.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар шетелдік банктердегі депозиттер (салымдар)	0,00%	иә
1.6	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ұйымдар шығарған құрылымдық өнімдер	0,47%	иә
1.7	Ислам қаржыландыру құралдары:	0,00%	иә
1)	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар	0,00%	иә
2)	Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-дан «BB-» дейін бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар;	0,00%	иә
2	Қазақстандық эмитенттер:	86,72%	иә
2.1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	43,57%	иә иә
2.2	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бағалы қағаздары	14,38%	иә
2.3	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қаржы құралдары	28,48%	иә
2.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	0,10%	иә
2.5	Қазақстан қор биржасының ресми тізімінің бірінші санатына кіретін Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің үлесті бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес үлесті бағалы қағаздары	0,18%	иә
2.6	Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ислам қаржыландыру құралдары	0,07%	иә

6-кесте. Қаржы құралдарының жекелеген түрлеріне БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау лимиттері

№ п/п	Қаржы құралдарының түрі	Нақты мәні (зейнетақы активтерінен пайызда)	Орындалуы (иә/жоқ)
1	Стандартты туынды қаржы құралдары	0,00%	иә
1)	егер туынды қаржы құралдары инвестициялық тәуекелді хеджирлеуге пайдаланылса	0,00%	иә
2	Құймадағы және металл шоттардағы алтын	0,00%	иә